

Келісілді
Ақмола облысы білім
басқармасының басшысы


А.Балташева
« 30 » 2024 жыл

Бекітілді
Ж.Мусин атындағы Көкшетау
жоғары қазақ педагогикалық
колледжінің директоры


Н.Ахат
« 30 » 09 2024 жыл

**Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы
Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық
колледжінің 2024-2029 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Колледждің педагогикалық
кеңесінде қабылданған.**

**« 25 » 09 2024 жыл
№ 2 хаттама.**

КІРІСПЕ

Колледж білім нарығына 34 жыл еңбек етіп келеді. Осы жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы білім саласындағы барлық реформалармен өзгерістерге тікелей араласып отырды.

Колледждің стратегиялық даму бағдарламасын жазу барысында төмендегі нормативтік құжаттар негізге алынды: 2023 жылғы 28 наурыздағы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», 2023 жылғы 20 сәуірдегі №172 бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары, 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіптік стандарты.

Бағдарламаның мақсаты – академиялық еркіндік, академиялық адалдық, студентке бағытталған білім берудің сапасын қамтамасыз етуді жаңа деңгейге көтеру, колледжде білімнің отандық және әлемдік интеграциялық байланысын жетілдіру бағытында жаңа халықаралық біріккен стартап жобаларды әзірлеу, жүзеге асыру, академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру мақсатында студенттерді қазақстандық, шетелдік оқу орындарынан тағылымдамадан өткізу.

Бағдарламаның міндеттері – «Колледж-университет» интеграциялық ынтымақтастығын одан әрі жетілдіре беру, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетімен, Алматы қаласы, №2 педагогикалық колледжі, Өзбекстан мемлекеті, Ташкент педагогикалық колледжі, Ресей, Башқұрт мемлекеттік университетінің Сибай институты, Түркия мемлекетінің оқу орындарымен меморандумдар жасау, оқу процесінде инновациялық, цифрлық білімді одан әрі дамыту жұмыстарын жетілдіру, студенттердің кәсіби білімін тереңдету бағытында академиялық ұтқырлық негізінде қазақстандық, шетелдік оқу орындарымен қарым-қатынас орнатып, еңбек нарығына сай маман даярлау, колледж оқытушыларының ғылыми потенциалын, кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында шетелдік оқу орындарымен байланыс жасап тәжірибе алмасу.

Колледж әкімшілігінің менеджерлік дағдысын дамыту мақсатында «TALAP» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен «Білім берудегі менеджмент: қазіргі білім беру жағдайында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру басшысының тиімді стилі» тақырыбындағы курстан 22 әкімшілік құрамы біліктілігін арттырды. Колледж оқытушыларының ғылыми потенциалын арттыру бағытында 2020-2021 оқу жылында колледжден 20 оқытушы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының ұйымдастыруымен өткен «Оқулықты әзірлеу әдіснамасы және авторлардың кәсіби дағдыларын жетілдіру» тақырыбындағы курстан өтті.

Ғылыми зерттеу және білім берудің теориялық, стратегиялық дамуын жоғары деңгейге көтеру мақсатында 2020 жылдың 20 қыркүйек күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетімен ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Ынтымақтастық меморандумы аясында университет қызметкерлерімен бірлесе отырып, отандық білім беру жүйесіндегі жаңалықтармен бөлісіп, ынтымақтастық қарым-қатынас жасауда.

Қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша даярланған жоғары колледж түлектерінің жоғары оқу орнында білімін жалғастыруын кіріктірілген білім беру бағдарламалар арқылы жүзеге асыру мақсатында М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетімен 2021 жылдың 21 сәуірінде ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Меморандум аясында Университет қызметкерлерімен бірлесе отырып «Логопедия» білім беру бағдарламасы әзірленіп, оқытушылар оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу жұмыстарына қатысты.

2023-2024 оқу жылына «Логопедия» мамандығы бойынша 13 түлек білім беру саласында логопед мамандар қатарын толықтырды.

2021 жылдың 9 қараша күні «Алматы кітап» баспасының «TopIQ» электрондық оқулықтар платформасының тұсаукері колледж базасында өткізіліп, ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Білім беру саласының дамуына авторлық бағдарламалар, оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік кешен жазуды қарастыру, авторлар құрамын құруда болашақта ынтымақтастық қарым-қатынаста жұмыс жасау жоспарланып, жүзеге асырылуда.

2024-2029 жылдарға арналған колледждің даму бағдарламасында халықаралық аккредитетеуден өту мақсатында іс-шаралар

жоспарланды. Академиялық саясат аясында академиялық ұтырлық, академиялық адалдық, академиялық еркіндік мәселелерін жүзеге асыру бағытында түрлі деңгейдегі іс-шаралар, жобалар нақтыланды.

Болашақ педагог мамандардың кәсіби біліктілігін, ғылыми потенциалын арттыру мақсатында халықаралық, республикалық деңгейде стартап жобалар, WorldSkills чемпионаты, пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар байқауларының жеңімпазы атану мақсат етілді.

Стратегиялық даму бағдарламасы үш кезеңнен (дайындық, қалыптасу, аналитикалық-жалпылау) тұрады. Сонымен қатар, бағдарлама талдамалық және болжамдау негіздемесін, пайымын, миссиясын, стратегиялық жоспарын, мақсатқа қол жеткізу жолдарын және іске асыру барысында күтілетін нәтижелердің сипаттамасын қамтиды.

БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ

Атауы	«Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК-ның 2024-2029 жылдарға арналған СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ
Бағдарламаны әзірлеу негіздемесі	Бағдарламаны әзірлеудің негіздемесі: 1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы; 2. 2023 жылғы 28 наурыздағы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023- 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»; 3. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Президентінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық курсы» атты Қазақстан халықына Жолдауы; 4. 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіптік стандарты; 6. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығы; 7. 2023 жылғы 20 сәуірдегі №172. Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары 8. WorldSkills стандарттары
Бағдарламаны әзірлеуші	«Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК-ның әкімшілігі
Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	Мақсаты: Академиялық еркіндік, академиялық адалдық, студентке бағытталған білім берудің сапасын қамтамасыз етуді жаңа деңгейге көтеру; колледжде білімнің отандық және әлемдік интеграциялық байланысын жетілдіру бағытында жаңа халықаралық біріккен сартап жобаларды әзірлеу, жүзеге асыру; академиялық ұтқырлықты жүзеге

	асыру мақсатында студенттерді қазақстандық, шетелдік оқу орындарынан тағылымдамадан өткізу. Қазақстандық білімді әлемдік деңгейге көтеру, шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық қарым-қатынас орнату мақсатында халықаралық аккредиттеуден өту. Міндеттері: – «Колледж-университет» интеграциялық ынтымақтастығын одан әрі жетілдіре беру. «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» КЕАҚ, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеттерімен, Алматы қаласы, №2 педагогикалық колледжі, Өзбекстан мемлекеті, Ташкент педагогикалық колледжі, Түркия мемлекетінің оқу орындарымен меморандумдар жасау; – Оқу процесінде инновациялық, цифрлық білімді одан әрі дамыту жұмыстарын жетілдіру; – Студенттердің кәсіби білімін тереңдету бағытында академиялық ұтқырлық негізінде қазақстандық, шетелдік оқу орындарымен қарым-қатынас орнатып еңбек нарығына сай маман даярлау; – Колледж оқытушыларының ғылыми потенциалын, кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында шетелдік оқу орындарымен байланыс жасап тәжірибе алмасу.					
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Бағдарламаны іске асыру мерзімі: 2024-2029 жылдар, оның ішінде: 1) 2024-2025 жылдар – дайындық кезеңі; 2) 2025-2029 жылдар – қалыптасу кезеңі; 3) 2029 жыл – аналитикалық-жалпылау кезеңі.					
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Жергілікті бюджет					
	2024 ж	2025 ж	2026 ж	2027 ж	2028 ж	2029 ж
	112 35,0 мың теңге	120 000, 0 мың теңге	127 000, 0 мың теңге	131 000, 0 мың теңге	138 000, 0 мың теңге	145 000, 0 мың теңге

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУШЫ КОЛЛЕДЖ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӘКІМГЕРЛЕРІ:

1. Директор;
2. Колледж директорының орынбасарлары;
3. Оқу ісінің меңгерушісі;
4. Әдіскерлер;
5. Бөлім меңгерушілері;
6. Кафедра меңгерушілері;
7. Кітапхана қызметкерлері;
8. Инфрақұрылым басшылығы.

Бөлімдер:



ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІ

SWOT ТАЛДАУ

 КҮШТІ ЖАҒЫ	 ӘЛСІЗ ЖАҒЫ
Колледждегі кәсіби педагогикалық білімді қадағалаудан сапаны қамтамасыз ету принципі жүзеге асырыла бастауы; – Мемлекеттік тапсырыс негізінде студенттерді қабылдау жоспарын 100% орындауы; – Білім беру бағдарламаларының мазмұны студенттің сапалы кәсіби білім алуына бейімделіп жасақталуы; – Оқу дәрісханаларының студенттің цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталып электронды ресурстармен қамтамасыз етілуі; – ISO 9001:2015/ҚР СТ-ISO 9001-2016 халықаралық стандарты талаптарына сай колледждің барлық салалық қызметінің сәйкестендірілуі; – «TALAP» КеАҚ «ТЖКБ ББ тізілімі» ақпараттық жүйесіне Білім беру бағдарламаларын енгізуде колледжде оқытылатын мамандықтар мен біліктіліктер бойынша білім беру бағдарламалары әзірленіп, республикалық тәуелсіз сарапшылар тарапынан тексеруден өтіп, құпталып қорытынды бойынша «ТЖКББ ББ тізіліміне» (реестрге) барлық 14 білім беру бағдарламаларының сәтті енгізілуі. – Дарынды студенттердің шығармашылығын шыңдауда, дарындылығын ашуда мүмкіндіктердің болуы;	Талапкерлерді қабылдауда педагогикалық мамандықтар үшін «College SmartNation» ақпараттық жүйесі бағдарламасының тиімсіздігі; – Нормативтік-құқықтық актілерге жиі толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі; – Цифрлық контенттер нұсқаулықтарының мемлекеттік тілге аударылуының сапасыздығы – Жоғары мемлекеттік органдар тарапынан берілетін білім сапасын қамтамасыз етуде, колледждің толыққанды кәсіби кеңістікте еркін жұмыс істеуіне түрлі қажетсіз іс-шаралардың кедергі келтіруі; – Мемлекеттік тапсырысты орналас-тырудағы келеңсіздіктердің орын алуы. Атап айтқанда, шексіз мемлекеттік тапсырыстың сандық өсуі және оның сапалық дәрежесінің мониторингісі жасалынбауы; – Топ жетекшілерінің өзара тәжірибе алмасуының төменгі дәрежеде болуы; – Студенттердің кейбір жағдайда ата-аналарының мәдениеттілігі мен этикалық сауатсыздығы. – Студенттерге психологиялық қолдау көрсету жұмыстарында жетілдіретін бағыттардың бар болуы – Студенттердің құқықтық сауаттылығының жеткіліксіздігі – Ата-аналар тарапынан балаларды қадағалудың әлсіздігі;

– Колледждің тәрбие мен оқу процесіндегі «Тұлғатану», «Әкелер кеңесі», «Аналар кеңесі» жобаларының сапалы жүзеге асырылуы; Колледж студенттерін әлеуметтендіруде жастар комитеті, еріктілер ұйымы, үйірме секция бағыттары бойынша өкілеттік органдармен және әлеуметтік серіктестермен байланыстың жоғары деңгейде болуы; – Білім алушылармен әскери-патриоттық, рухани-патриоттық, мәдени-интеллектуалдық бағыттағы жұмыстардың нәтижесінің жоғары деңгейге көтерілуі; – Колледжді бітіруші түлектер барлық мамандықтар мен біліктіліктер бойынша еңбек нарығында сұранысқа ие. «Табысты түлек» орталығының жұмыс сапасының нәтиже беруі; – Жұмысқа орналасқан жас мамандарға олардың кәсіби жетілуіне, мансаптық өсуіне тиісті жағдай жасалған. Педагогикалық біліктілігі мен ұйымдастырушылық-конструктивтік қабілеттері жоғары жастарды әкімшілік қызметтерге тағайындау тәжірибесінің іске асырылуы; – Студенттердің мамандықты жан-жақты игеруде әлеуметтік серіктестіктермен ынтымақтастықты үнемі жаңа деңгейге көтере білуі; – Жыл бойы ауыл, қала мектептеріне кәсіби бағдардың жан-жақты жүргізілуі; – Облыстық, аудандық білім бөлімдерімен тығыз қарым-қатынаста болуы; – Жүйелілік менеджменті стандарттарына сай колледждегі 9-	– Осы күнге дейін тиісті нормативтік-құқықтық актілердің қолданысқа енгізілмеуі. Мәселен, «Педагогикалық практика» туралы ереженің бекітілмеуі; – Кейбір мамандықтарға талапкерлердің аз келуі; – Жеке меншік колледждерге мемлекеттік тапсырыстардың бөлінуінен бәсекелестіктің көп болуы; – «College Smart Nation» электрондық жүйе арқылы талапкерлерді қабылдау қиындығы; – Ғылымды дамытуда ТЖКББ, орта білімнен кейінгі білім құрылымында магистрлер мен PhD докторларын даярлауда мақсаттық гранттардың берілмеуі; – ТЖКББ жүйесінде «магистрлік» академиялық дәрежесіне төлемақының берілмеуі; – 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы мен біліктілігі бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуде берілген әдістемелік нұсқаулықтар мен кеңестерді республика колледждері жүйелі қолданбауы.
--	--

сынып негізінде 7 мамандыққа және қолданбалы бакалавр бойынша 11-сынып негізінде 7 мамандық-тың мемлекеттік тапсырыстың орындалуы; – Әлеуметтік желідегі жарнама түрлері, жарнамалық буклеттер, брошюралар дизайны жетілдірілуі және тиражының арттырылуы; – Студентке бағытталған білім берудегі барлық параметрлер бойынша педагогикалық ұжымның ғылыми әлеуеті, педагогикалық шеберлігі, инновациялық технологияларды пайдалануы, цифрлық құзыреттілігі, әдістемелік біліктілігі жоғары дейгейде; – Педагогикалық ұжымға біліктіліктерін арттыру курстарынан өтуге, түрлі ғылыми ізденіс жұмыстарымен айналысуға, педагогикалық шығармашылықпен іс-тәжірибесін насихаттауға колледж басшылығы тарапынан моральдық-материалдық қолдау үнемі жүргізіледі; – Педагогикалық ұжымның қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда, олимпиадаларда, түрлі конкурстар мен сайыстарда жүлделі орындарға ие болуы; – Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясы (одан әрі ҚПҒА) мен Ұлттық құндылықтар Академиясымен (одан әрі ҰҚА) ынтымақтастығы; – Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік (одан әрі РОӘБ) ретінде 01130100 «Логопедия» мамандығы бойынша желілік колледждерге әдістемелік қолдаулардың, кеңес-	
--	--

тердің ұйымдастырылуы, республика көлемінде насихатталуы; – «ТАЛАР» КеАҚ «ТЖКБ ББ тізілімі» ақпарттық жүйесіне Білім беру бағдарламаларын енгізуде республикада оқытылатын 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы мен біліктілігі бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуде республикалық тәуелсіз сарапшыларға әдістемелік қолдау көрсетілуі; – Ынтымақтастық меморандумдар аясында республика көлемінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы сабақтастығының сапалы жүзеге асырылуы; – РОӘБ жұмыс барысының мазмұны әлеуметтік желілерде насихатталуы.	
 МҮМКІНДІКТЕР – Білім беру бағдарламаларын академиялық еркіндікті ескере отырып әзірленуі колледж ұжымының ғылыми потенциалын көтеруге әсер етуі; – Дәрісханалардың мазмұндық-техникалық жабдықталуы болашақ педагог маманның кәсіби құзіреттілігін арттыруға ықпалы; – «Педагог мәртебесі» Заңына сай оқытушылардың және студенттердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуы және еңбек жалақысының, шәкіртінің 100%-ға өсуі; – Республикада алғашқы болып инклюзиялық білім кеңістігінде 01130100 «Логопедия» мамандығы жобасының сәтті жүзеге асырылуы; – Ата-ана мен колледж арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, рухани-	 ҚАУІПТЕР – 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту», 01140200 «Дене тәрбиесі және спорт» мамандық-тарына түсетін студенттердің білім сауаттылығының төмендігі; – Түлектердің аймақтағы ауыл елді-мекендерге білім мекемелеріне жұмысқа орналасуда әлеуметтік пакеттің болмауы; – Жас мамандардың еңбек нарығында жұмысқа конкурспен орналасуда бәсекелестікке бара алмаушылығы; – Қазақстандық қоғамда жастардың деструктивті ағымдағы, діни бағыттағы және суицидтік психологиялық кеңіс тіктегі теріс көзқарасқа тым бейімділігі, қауіпсіздігі;

адамгершілік, отбасылық құндылықтарды дамыту мен насихаттауда ата-ана қауымының белсенді рөлін арттыру; – Студенттердің қала мен облыста руханият, мәдениет, спорт, жастар ісі бағытында үлгілі жұмыстарын көрсетуі; – Еңбек нарығына қажетті кәсіби мамандардың (логопед) даярлануы; – Сапалы педагог мамандарды даярлауда «Педагог» стандарт талаптарының орындалуы; – Әлеуметтік серіктестіктермен тығыз байланыстың маман дайындауға негіз болуы; – Еңбек нарығына заманауи білікті әрі SKILLS кеңістігіндегі жаңа жас мамандар шығарылуы; – WorldSkills стандарттарын енгізуде колледжде жаңа мүмкіндіктердің жобасын бекітіп, аймақтық, ұлттық чемпионаттарда жүлделі орындар алып, алдыңғы қатарға шығудың іс-шараларын жасалуы; Кәсіби бағдар жұмысы арқылы мамандықтың ерекшелігін игеріп, өз еркімен таңдау жасауы; – Әкімшілік менеджерлерінің (директор, орынбасарлар, әдіскерлер) категориялық біліктіліктеріне қосымша үстемақының төленуі; – Тұңғыш рет «Педагог» кәсіптік стандартының айналымға енгізілуі; – Тәжірибелі оқытушылардың оқу құралын жазуы, кәсіби педагогикалық білімді әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етуі; – Оқу процесінде инновациялық, цифрлық білімді одан әрі дамыту жұмыстарын жетілдіруі; – «Оқуға құштар колледж» жобасының сапалы іске асырылуын	– Жас мамандардың тәжірибелі ұстаздармен қатар жалпы конкурсқа түсіп, жұмысқа орналаса алмауы; – Қолданбалы бакалавр мамандарының статусының анықталмауы; – Ақмола облысы бойынша жалпы орта білім беретін мектеп түлектеріне кәсіби бағдар берудің жолдарын жетілдіруде мектептің аз көңіл бөлуі; – Оқытушылардың әлі де болса дәстүрлі білім беру санасынан толық шыға алмауы, студентке бағытталған білімнің, академиялық адалдықтың кеңістігіне еркін ене алмауы; – 01130100 «Логопедия» мамандығы бойынша «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК тарапынан тест базасының жасалынбауы.
--	--

қамтамасыз етуде колледж әкімшілігінің инициативалық жаңа принциптерін қалыптастыруы; – Ғылымдағы жобалар бойынша арнайы шығармашылық жұмыс тобын құрып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен, Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен бірлесе жұмыс атқарудың жолдарын қарастыруы; – «Педагог» кәсіптік стандартына сәйкес оқу жұмыс жоспарлары (ОЖЖ) мен білім беру бағдарламаларын (БББ) тиісті құқықтық нормативтік актілерге сай сапалы даярлау және үнемі жетілдіріп отыруы.	
--	--

І. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАЛДАМАЛЫҚ ЖӘНЕ БОЛЖАМДАУ НЕГІЗДЕМЕСІНІҢ БЛОГЫ

1.1 ҰЙЫМНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

2021-2024 оқу жылдарындағы педагогтер жетістіктері

🔵 ТжКББ ұйымдарының арнайы пән оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2022» республикалық байқауының қорытындысы бойынша қазақ тілін оқыту әдістемесі мен әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі, педагог-шебер Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы **БАС ЖҮЛДЕ** иегері атанды (2022 жыл).

🔵 Қазақстан Республикасының ТжКББ құрылымы бойынша колледж оқытушысы Рақымжан Оралсын Қалиқайдарқызы республикада тұңғыш рет «Қазақ филологиясы» бойынша PhD докторы атанды (2023 жыл).

🔵 Педагогика пәнінің оқытушысы, педагог-шебер, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «8D01103 – Педагогика және психология» білім бағдарламасы бойынша PhD докторанты Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша «Білім алушыларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу (киберпедагогика)» тақырыбында грант иегері атанды (2023 жыл).

🔵 ТжКББ ұйымдарының жалпы пән оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2023» республикалық байқауының қорытындысы бойынша ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші Ташенова Айжан Кадырбайқызы **БАС ЖҮЛДЕ** иегері атанды (2023 жыл).

🔵 Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы, білім беру магистрі Шакенов Ерболат Бергенбайұлы Үстел теннисінен республикалық сайыста жүлделі **I орынды** жеңіп алып, «Үздік дене шынықтыру пәні мұғалімі» төс белгісімен марапатталды (2022 жыл).

🔵 Колледж кітапханасының меңгерушісі Рахимова Зарина Жомартқызы Үстел теннисінен республикалық сайыста жүлделі **I**

орынды жеңіп алып, «Үздік спортшы» төс белгісімен марапатталды (2022 жыл).

Серкешбаева Гүлжанат Нұрмағамбетқызы Республикалық «Үздік педагог» байқауының **ЖЕҢІМПАЗЫ** атанды (2023 жыл)

Шакенов Ерболат Бергенбайұлы Республикалық «Кәсіби шеберлік» байқауының **БАС ЖҮЛДЕ** иегері атанды (2023 жыл).

Амангелді Ғазиза Ғабдул-манапқызы Республикалық «Кәсіби шеберлік» байқауына қатысып, **I орынды** жеңіп алды (2024 жыл).

Шакенов Ерболат Бергенбайұлы облыстық «Кәсіби шеберлік» байқауына қатысып, **I орын алды** (2023 жыл).

Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, жазушы М.О. Әуезовтің 125 жылдығына арналған республикалық «Әуезов әлемі» атты танымдық-шығармашылық фестиваль аясында ТЖКББ жүйесіндегі педагогикалық колледждердің педагог қызметкерлері арасында өткен «Жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде М.О.Әуезов шығармаларын оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің маңызы» атты үздік инновациялық жобаның «Үздік сыныптан тыс жұмыс» номинациясы бойынша қашықтықтан өткен республикалық сайыста қазақ тілі мен әдебиетінің жоғары санатты оқытушысы Ілияс Данагүл Нұртайқызы жүлделі **II орынды** иеленді (2022 жыл).

ТЖКББ ұйымдарының арнайы пән оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2022» облыстық байқауының қорытындысы бойынша қазақ тілін оқыту әдістемесі мен әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі, педагог-шебер Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы **I орын** алып, республикалық байқауға жолдама алды (2022 жыл).

ТЖКББ ұйымдарының жалпы пән оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2023» облыстық байқауының қорытындысы бойынша ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, педагог-зерттеуші Ташенова Айжан Қадырбайқызы жүлделі **I орын** алып, республикалық байқауға жолдама алды (2023 жыл).

ТЖКББ ұйымдарының жалпы пән оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2024» облыстық байқауының қорытындысы бойынша ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, педагог-модератор Амангелді Ғазиза Ғабдул-манапқызы жүлделі **I орын** алып, республикалық байқауға жолдама алды (2024 жыл).

🔵 ТжКББ ұйымдарының жалпы пән оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2022» облыстық байқауының қорытындысы бойынша ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Ехсанова Жұлдыз Әбдірахманқызы жүлделі **II орынды** иеленді (2022 жыл).

🔵 ТжКББ ұйымдарының арнайы пән оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2023» облыстық байқауының қорытындысы бойынша дирижерлау пәнінің оқытушысы Шайрахметова Әсел Ғалымқызы жүлделі **II орынды** иеленді (2023 жыл).

🔵 ТжКББ ұйымдарының арнайы пән оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2024» облыстық байқауының қорытындысы бойынша қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің оқытушысы Ілияс Данагүл Нұртайқызы жүлделі **II орынды** иеленді (2024 жыл).

🔵 Қайырбай Айым Маралбекқызы «Сөз мағынасының статикалық күйі: оны когнитивтік аспектіде оқытудың методологиялық негізі» тақырыбындағы еңбегімен облыстық іс-тәжірибені тарату байқауына қатысып, сертификатталды (2023 жыл).

🔵 Заманбекова Әлия Заманбекқызы «Баян аспабын үйренеміз» атты еңбегімен облыстық іс-тәжірибені тарату байқауына қатысып, сертификатталды (2022 жыл).

🔵 Сатиева Марал Төлегенқызының «Анатомия, физиология және денешынықтыру гигиенасы» атты еңбегі облыстық іс-тәжірибені тарату байқауына қатысып, сертификатталды (2022 жыл).

🔵 Мәншүк Тұрлыбекқызы «Ұлттық мүде: қазақ тілінің қолдану аясын «жол» лексемасының өрісі арқылы» атты еңбегімен облыстық іс-тәжірибені тарату байқауына қатысып, сертификатталды (2023 жыл).

🔵 Абиева Камила Қойшыбайқызы «Ұлттық ойын атауларының тілдік табиғатын сөзжасамды оқытуда қолдану» атты еңбегімен облыстық іс-тәжірибені тарату байқауына қатысып, сертификатталды (2023 жыл).

🔵 Қаппас Айсара Жанатқызы «Тілдік емес мамандықтардың студенттеріне шетел тілін оқытудағы когнетивті тәсілді қолдану» атты еңбегімен облыстық іс-тәжірибені тарату байқауына қатысып, сертификатталды (2023 жыл).

🔵 Әміржанова Гүлмира Қайыржанқызы «Балабақшадағы көркем еңбек» атты еңбегімен облыстық іс-тәжірибені тарату байқауына қатысып, сертификатталды (2023 жыл).

🔵 Абдрахманова Салтанат Таубайқызы «Ән айту кезіндегі дауыс аппаратының жұмысы» атты еңбегімен облыстық іс-тәжірибені тарату байқауына қатысып, сертификатталды (2023 жыл).

🔵 Жусупова Динара Петровна «Endlish Grammar: Tenses» атты еңбегімен облыстық іс-тәжірибені тарату байқауына қатысып, сертификатталды (2023 жыл).

🔵 Сарша Жанар – IV облыстық жастар форумында «Жарқын болашаққа бағдар» әлеуметтік жобасы номинациясы бойынша I орын иеленді (2021 жыл).

🔵 Ақмола облысы білім басқармасының облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен ТЖКБ ұйымдарының педагогтері арасында өткен «Бейнесабақтар» байқауында Мұқышева Нұргүл Серікқызы, Тайманова Айнұр Талғатқызы, Қайыржан Тілек Сағындыққызы «Үздік бейнесабақ» Дипломымен марапатталды (2021 жыл).

🔵 Ақмола облысы ТЖКБ ұйымдары арасында өткен «Мамандықтар әлемін ашамыз» форумының «Үздік кәсіби бағдар беруші», «Үздік кәсіби бағдар беру жобасы», «Мамандықтар автобусы» жоба номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, Дипломдармен марапатталды (2021 жыл).

🔵 Алғашқы әскери және технологиясы пәнінің оқытушысы Жабагин Тілектес Есенжолұлы «Отан қорғау» облыстық байқауына қатысып, I орын иегері атанды (2022 жыл).

🔵 Облыстық «Ұстаз-2023» спартакиадасы бойынша жалпы командалық I орын алды.

🔵 «Ақмола жұлдыздары» халық шығармашылығы облыстық көркемөнерпаздар байқауында колледждің шығармашылық ұжымы Бас жүлдені жеңіп алды.



Колледж педагогтерінің кәсібилігін айқындау көрсеткіші



2021-2024 оқу жылдарындағы студенттер жетістіктері



«Айбын – 2023» ІХ Халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынында «Айбын» әскери-патриоттық клубының мүшелері жүлделі ІІ орынды иеленді.



Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, жазушы М.О. Әуезовтің 125 жылдығына арналған республикалық «Әуезов әлемі» атты танымдық-шығармашылық фестивальдің аясында өтетін «СӨЗ ҚҰДІРЕТІ» мәнерлеп оқу байқауына Жамалахын Алмас қатысып, жүлделі ІІ орынды жеңіп алды.



Ел Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай, Астана қаласында «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық конкурсында бастауыш мектеп бөлімінің ІІІ курс студенті Арапова Қарлығаш жеңімпаз атанды.



«Лингвистика және шет тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері» тақырыбында ІІІ республикалық студенттік ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылып өткізілді.



Республикалық «Болашақ – білімді жастардың қолында» атты колледж кітапханашыларына арналған республикалық семинар жұмысы аясында өткен «Кітап оқу» байқауына Ехсанова Камила Боранбайқызы белсене қатысып, І орын алды.



Қазақстан Республикасы колледждері арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қ.Бітібаева атындағы республикалық олимпиадаға Дәулетбек Жұлдыз Советқызы қатысып, жүлделі ІІ орынды иеленді.



Спорттық WKS каратэден ІІ Республикалық турнирінің Кумитэ Спорттық WKS каратэсінде Балташ Шыңғыс белсенділік танытып, жүлделі І орынды жеңіп алды.



Спорттық WKS каратэден Қазақстан республикасының Чемпионаты Ката Спорттық WKS каратэде Балташ Шыңғыс белсенділік танытып, жүлделі І орынды жеңіп алды.

 Азия Чемпионатында Ауыр атлетикада Байбуров Әлішер жеңіске жетіп, I орынды иеленді.

 Ересектер арасында өткізілген Халықаралық турнирде Қазақ күресінен Төлеухан Алматы II орын алды.

 Жанас Гүлнәсіп «Ұлттық тәрбие және жаһандану» республикалық ғылыми жобалар байқауына қатысып, жүлделі II орын алды.

 Бүркітхан Жанмарал облыстық Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасына қатысып, I орын алды.

 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері күнін мерекелеуге, ұшқыш-шабуылдаушы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, Жеңіс парадына қатысушы, Қазақстан авиациясының генерал-майоры Талғат Бигелдиновтың 100 жылдығына арналған облыстық сап және ән байқауында қыздар арасында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің командасы I орын алды.

 Облыстық байқауда «ТОМИРИС» рухани-патриоттық қыздар клубы жеңімпаз атанып, II орын алды,

 Облыстық байқауда ұлдар арасында «АЙБЫН» әскери-патриоттық клубы жүлделі II орынды иеленді.

 Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, жазушы М.О.Әуезовтің 125 жылдығына арналған республикалық «Әуезов әлемі» атты танымдық-шығармашылық фестивальдің аясында өткен «М.О.Әуезов шығармалары жас зерттеушілер көзімен» тақырыбындағы республикалық қашықтықтан ғылыми жоба байқауына Ехсанова Камила Боранбайқызы қатысып, жүлделі II орынды жеңіп алды.

 Республикалық «Мақатаев оқулары» көркемсөз байқауында Авдрахман Нұрсауле Бас жүлдені иеленді.

 Республикалық дүниежүзі тарихы пәні бойынша Қашықтық олимпиада «ККО.KZ» Нұржан Аружан жүлделі I орын алды.

 Республикалық қашықтықтан «Абай оқулары» Байқауында филология бөлімінің студенті Сейсенбай Еркегүл жүлделі І орынды иеленді.

 Республикалық әдістемелік ғылыми-зерттеу жұмысы байқауында «Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдарын жасауды үйрету жолдары» Әшім Аружан жүлделі І орынды иеленді.

 «Студент жастардың пікір-сайыс қозғалысы» атты облыстық пікір-сайыс турнирінде «Парасат» дебат клубы мүшелері жүлделі ІІ орынға ие болды.

 «Студент жастардың пікір-сайыс қозғалысы» атты облыстық пікір-сайыс турнирінде Жанибек Дана «Үздік спикер» атанды.

 «Дене мәдениеті» бөлімінің IV курс студенті, Амирсанин Сағындық Вильнюс қаласында өткен армрестлингтен Әлем Кубогінде ІІ орынды иеленді;

 «Студент және ғылым: ізденіс, инновация, даму» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға Құсбек Дарина белсене қатысып, жүлделі ІІ орынды иеленді

 «Кезең» облыстық спартакиадасы бойынша жалпы командалық ІІІ орын алды.

 Облыстық «Жігер» әскери-патриоттық жарыста колледж «Айбын» әскери-патриоттық клубының мүшелері жүлделі І орынды иеленді.

 2023 жылы Ақмола облысында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында жыл сайынғы студенттер арасында өтетін «Мамандықтар әлемін ашамыз» форумының «Менің кәсібім – менің бизнесім» номинациясы бойынша Сәбит Жұлдыз ІІІ орынды иеленді.

 Республикалық қашықтықтан «Сәлем Астана» Кабдылкарим Мирас жүлделі ІІ орынды иеленді.

 Республикалық «ҚР колледждерінің ТОП-100 студенттері» жобасында бастауыш білім беру бөлімінің 4-курс студенті Арапова Қарлығаш жеңіске жетті.

 «Студенттік көктем-2023» облыстық талантты жастар фестивалінде «Студенттік көктем Аруы» номинациясы бойынша музыка бөлімінің 4-курс студенті Акпарова Жұлдыз жүлделі І орынды жеңіп алды.

 ZANA TALENT» республикалық фестиваль-конкурсында «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша «Гауһартас» триосы І орынды иеленді.

 Даир Сайран «Студенттік көктем-2024» халықаралық ғылыми жобалар байқауына қатысып, І орын алды.

 Сарсенова Аяжан «Студенттік көктем-2024» халықаралық ғылыми жобалар байқауына қатысып, ІІ орын алды.

 Әшірбекова Назерке «Студенттік көктем-2024» халықаралық ғылыми жобалар байқауына қатысып, ІІІ орын алды.

 Клепцова Виктория «Студенттік көктем-2024» халықаралық ғылыми жобалар байқауына қатысып, ІІІ орын алды.

 Жолданғар Тілеулес Қ.Сәтбаева атындағы халықаралық пәндік олимпиадаға (химия) қатысып, І орын алды.


 Жекенова Әйгерім Қ.Сәтбаева атындағы халықаралық пәндік олимпиадаға (биология) қатысып, І орын алды.

 Қаржау Айсара «Ұлттық тәрбие және жаһандану» ғылыми жобалар байқауынан жүлделі І орын алды.

 Утебаева Дильназ «Ұлттық тәрбие және жаһандану» ғылыми жобалар байқауынан жүлделі ІІІ орын алды.

 Жанас Гүлнәсіп «Ұлттық тәрбие және жаһандану» ғылыми жобалар байқауынан жүлделі ІІ орын алды.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕГІ КОНКУРСТАРДЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ



1.2 ҰЙЫМНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ МЕН ДАМУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ SWOT-ТАЛДАУЫ

 КҮШТІ ЖАҚТАР – Студенттерге кәсіби білім беруде педагогикалық ұжымның, педагогикалық-психологиялық, инновациялық, ғылыми-әдістемелік потенциялының жоғарылығы. – Жаңа аттестаттау ережесі бойынша оқытушылардың сапалық құрамының жоғарылығы. – Барлық мамандықтар мен біліктіліктер бойынша студенттердің еркін әрі жоғары деңгейде білім мен	 ӘЛСІЗ ЖАҒЫ – «Білім» бейіні бойынша педагогикалық мамандар даярлайтын колледждің «Жас маман» мемлекеттік қаржыландыру бағдарламасына енбеуі. – Сапалы кадр даярлау принципі мемлекеттік тапсырысты анықтауда тиісті мекемелер тарапынан есепке алынбауы.
--	--

рухани-интеллектуалдық, дене тәрбиесін жетілдіруге материалдық-техникалық базаның толық сәйкестігі. – Колледж оқытушылары үшін ғылыммен айналысуына, шығармашылық, ізденіс жұмыстарына үнемі материалдық-моральдық қолдау көрсетілуі. – Оқытушылар мен студенттердің қала, облыс, республика, халықаралық деңгейдегі түрлі сайыстарда, олимпиадалар мен конкурстарда жүлделі орындарға ие болуы. – Ақмола облысында педагогикалық мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын оқу орындары ішінде түлектердің жоғары сұранысқа ие болуы. – Әлеуметтік серіктестіктермен өзара тығыз жұмыс істеудегі заманауи жаңа формаларының іске асырылуы. – Қолданбалы бакалавриат жүйесі және PhD докторантурасы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетімен ынтымақтастықта жұмыс істеуі. – Оқытушылар мен студенттер арасындағы білім мен тәрбие процесіндегі жаңа заманауи демократиялық ашық коммуникациялық қарым-қатынастың жоғары деңгейде болуы. – Қаржылық сектордың білім беру мен тәрбиенің сапасын арттыруға бағытталған саясатының ашықтығы және нәтижелілігі. – Ата-аналар мен колледж арасында тығыз қарым-қатынас орнату	– Мамандарға сұраныс қажеттілігі мониторингісінің перспективалық жоспарының болмауы. – ТжКББ жүйесінде магистр академиялық дәрежесіне жалақы төлеу жүйесінің «Педагог мәртебесі» заңына енбеуі. – ТжКББ жүйесіне магистратура, PhD докторантурасы бойынша мемлекеттік гранттардың бөлінбеуі, әрі осы жүйеде оқу механизмінің колледждер үшін қолайсыздығы. – Мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі кемшіліктердің сапаға әсер етуі. – Білім беруге және колледждің өз ішкі мақсаттарына мүлдем қажетсіз іс-шараларға қатысуға жиі міндеттелуі. – Оқуға жаңа қабылданған білім алушылардың білім сапасы мен рухани интеллектуалдық, мәдени-эстетикалық деңгейлерінің төмендігі. – Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қоғамдық еңбекке бейімделмеуі. – Кәсіптік бағдар беру жұмыстарындағы әлеуметтік серіктестіктердің жеткіліксіз қызығушылық танытуы. – Қолданбалы бакалавриат жүйесі бойынша білім алған түлектердің статусы мен жалақысының анықталмауы
--	--

мақсатында конференция, диалогтік алаңдардың өткізілуі. – Колледж оқытушыларының оқулық, оқу-құралдарын жазуы. – Педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметінің белсенділігінің (мақалалар мен басылымдар санының) және біліктілікті арттыру курстарына қатысу санының артуы.	
МҮМКІНДІКТЕР – Мемлекет тарапынан ТжКББ жүйесіне оң көзбен қарап, жаңа бағытта дамуына жағдай жасалуы. – Ақмола облысы әкімдігінің, білім басқармасының тарапынан колледждердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға зор көңіл бөлуі. – Ғылымды дамытудағы бөлінетін қаржының көтерілуі (мемлекетте ЖІӨ-нің 1% қарастырылған). – Педагог мәртебесін көтеруге байланысты атқарылатын жобажоспарлардың прагматикалық перспективасының қарастырылуы. – Педагогтердің өздігінен білімін жетілдіру бағытында белсенділік танытып, ғылыми және педагогикалық қызметі бойынша кешенді эксперименттің жүзеге асырылуы.	ҚАУІПТЕР – Мұғалім мамандығына оқуға түсетін жастардың білім сауаттылығының төмендігі. – «Музыка мұғалімі», «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» мамандығының қоғамдағы әлеуетінің төмендеуіне байланысты оқуға түсушілер санының азаюы. – Түлектердің мемлекеттік әлеуметтік пакетінің болмауы себепті аудандардағы, ауылдық-селолық жерлердегі білім мекемелеріне жұмыс істеуге бару ынтасының төмендігі. – «College SmartNation» автоматтандырылған жүйесі арқылы оқуға қабылдау сапалы, білікті, құзыретті маман даярлауда кедергі келтіруі.

Ұйымда педагогтердің, пәндік кафедралар, әріптес колледждердің әдістемелік бірлестіктердің, әлеуметтік серіктестіктердің,

республикадағы гуманитарлық-педагогикалық колледждердің, түлектердің, ата-аналардың, студенттердің ұсыныс-пікірлерін зерделеу, сараптама жасау

1.3 ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҰЙЫМНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРДІҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ



1.4 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕНІҢ БОЛЖАМЫ

🕒 Білім сапасына тікелей және жанама әсер ететін ғылыми негізделген және кластерленген факторлар анықталады

🕒 Білім сапасын қамтамасыз етудің отандық және шетелдік жүйелерін талдау негізінде білім сапасын қамтамасыз етудің әдістемелік негіздері әзірленеді;

🌀 Білім сапасын қамтамасыз ету жүйесінің жаңартылған ұлттық моделі теориялық тұрғыдан әзірленіп және тәжірибеде қолданылып институционалдық деңгейде енгізіледі;

🌀 Колледж студенттерінің іс-тәжірибесін ұйымдастыруда әлеуметтік серіктестіктермен байланысты нығайтып болашақ педагог мамандар кәсіби тұрғыда жетіледі;

🌀 Колледждің оқытушыларының ғылыми потенциалының артуы мен кәсіби шеберлігінің шыңдалуы нәтижесінде, педагогтердің ғылыми-шығармашылық деңгейі артады;

🌀 Еңбек нарығына қажетті, функционалды сауатты, инновациялық технологиялармен қаруланған педагог мамандарды даярлауда түлектердің кәсіби деңгейі артады;

🌀 Колледждің оқытушылары әзірлеген авторлық оқу құралдар мен оқу-әдістемелік құралдар, зерттеу жобалардың, электронды оқу құралдарының саны артады;

🌀 Қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық технологияларды оқытудың жаңа әдістемелерін, цифрлы платформаларды қолданудың формаларын оқу процесіне енгізеді;

🌀 Электронды іс жүргізу, ISO 9001:2015/ҚР СТ ISO 9001:2016 стандарттары бойынша колледждегі жүйелілік менеджменті негізінде құжаттар айналымы, статистикалық мәліметтерді жинау және өңдеу саласының сапасы артады;

🌀 Колледж әкімшілігінің әлеуметтік-тұлғалық, экономикалық, кәсіби, арнайы ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттілік деңгейі қалыптасады;

🌀 Шығармашылық, білім беру және ғылыми жобаларды коммерцияландыру үшін инновациялық инфоқұрылым және басқа механизмдері құрылады;.

🌀 Білім алушылардың сапалы орта білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, қалыптасқан жаһандық және Ұлттық ойлауы бар зияткерлік, дене бітімі, рухани дамыған және табысты азамат тұлғасы қалыптасады;

🌀 Жаңа ғылыми жетістіктерді, жаңа технологияларды, ғылыми білімді қолдануға дайын болу арқылы сапалы білім беру қызметін ұсынады.

1.5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН, СТУДЕНТТЕРМЕН САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕСІ

Колледждегі оқу-тәрбие процесінің сапасы студенттердің білім беру нәтижелерінің сәйкестік дәрежесі ретінде қарастырылады.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесі бойынша сауалнама жүргізілді.

Негізгі мақсаты: оқу жылы қорытындысы бойынша тұтынушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау, колледжде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру сапасының проблемалары мен жетістіктерін зерттеу. Сонымен қатар оқу бағдарламасын, көрсетілетін қызметтердің сапасын және колледж қызметінің басқа бағыттарын жақсарту болып табылады.

Сауалнамаға 1093 студенттің 896-і қатысты. Бұл 82% құрайды.

Сауалнама жүргізу мерзімі: 2024 жылғы 05-06 аралығы.

Сауалнама 7 сұрақтан тұрады.

Толтырылған сауалнамаларды талдау барысында келесі нәтижелерді көрсетті:

Колледж білім алушыларының білім беру қызметтеріне қанағаттануын бағалау мақсатында алынған сауалнама нәтижесі

Сауалнамаға 900 студент қатысты.

№	Колледждің материалдық-техникалық базасы қандай деңгейде?	Инфрақұрылым қызметкерлерінің студенттермен қарым-қатынасы қандай?	Кітапхана жұмысын қалай бағалайсыз
1.	42,6% – өте жақсы 50,7 % – жақсы 6,5 % – қанағаттанарлық 0% – қанағаттанарлықсыз	42, 8% – өте жақсы 46,9 % – жақсы 9,5 % – қанағаттанарлық 0,8% – қанағаттанарлықсыз	57, 8 % – өте жақсы 33,8 % – жақсы 8, 4 % – қанағаттанарлық 0 % – қанағаттанарлықсыз

№	Асхананың қызмет көрсетуі сапасы қандай	Медициналық орталықтың қызмет көрсетуін қалай бағалайсыз	Спорт залдың,тренажер залдарының қызмет көрсету сапасына көңіліңіз тола ма
1.	66,5 % – өте жақсы 27, 2% – жақсы	35, 5 % – өте жақсы 39 % – жақсы	74, 1% – өте жақсы 6,5 % – жақсы

6 % – қанағаттанарлық 0,3% – қанағаттанарлықсыз	23, 4 % – қанағаттанарлық 4, 1 % – қанағаттанарлықсыз	18,5 % – қанағаттанарлық 0,8 % – қанағаттанарлықсыз
--	--	--

Жалпы колледж білім алушыларының білім беру қызметтеріне қанағаттануын бағалау мақсатында алынған сауалнама нәтижесінің қорытындысы бойынша білім алушылардың 99% колледждің білім беру қызметтеріне қанағаттанатындықтарын білдірген.

Колледждегі оқу-тәрбие процесінің сапасы студенттердің білім беру нәтижелерінің сәйкестік дәрежесі ретінде қарастырылады.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша ата-аналарға білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесі бойынша сауалнама жүргізілді.

Негізгі мақсаты: оқу жылы қорытындысы бойынша тұтынушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау, колледжде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру сапасының проблемалары мен жетістіктерін зерттеу.

Сауалнамаға 1092 ата-ананың 890-ы қатысты. Бұл – 81% құрайды.

Сауалнама жүргізу мерзімі: 2024 жылғы 05-06 аралығы.

Сауалнама 7 сұрақтан тұрады.

Толтырылған сауалнамаларды талдау барысында келесі нәтижелерді көрсетті:

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттануын бағалау мақсатында ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесі

Сауалнамаға 890 ата-ана қатысты

№	Колледждің материалдық-техникалық базасы сізді қанағаттандыра ма?	Колледж оқытушыларының білім беру сапасы сізді қанағаттандыра ма?	Студенттер үйі тәрбиешілерінің жұмысын қалай бағалайсыз?	Студенттер үйінің материалдық базасы қандай деңгейде деп ойлайсыз?
1.	49% – өте жақсы 34,2 % – жақсы 15,8% – қанағаттанарлық	53% – өте жақсы 30,1% – жақсы 16,5% – қанағаттанарлық	39% – өте жақсы 45,6 % – жақсы 14,1% – қанағаттанарлық	33,3% – өте жақсы 47,5 % – жақсы 17% – қанағаттанарлық

№	Колледж кітапханасының қызмет көрсету деңгейіне қанағаттанасыз ба?	Колледждің психологиялық қызметін қалай бағалайсыз?	Медициналық орталықтың қызмет көрсетуін қалай бағалайсыз
1.	46,2% – өте жақсы 37,3 % – жақсы 16% – қанағаттанарлық	39,4% – өте жақсы 44,8% – жақсы 14,4% – қанағаттанарлық	37% – өте жақсы 45,9 % – жақсы 14,7% – қанағаттанарлық

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттануын бағалау мақсатында ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесінің қорытындысы бойынша ата-аналардың 99% колледждің білім алушыларының дайындық деңгейіне қанағаттанарлықтарын білдірген.

1.6 ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫН БОЛЖАУ

Қазақстан Республикасының Перзиденті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауында техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек. Сонымен қатар «Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалғандығын атап өтіп, 2025 жылды *«Жұмысшы мамандықтары жылы»* деп жариялады.

Осыған байланысты, Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі қазіргі заманға сай мамандықтарды даярлау жүйесін іске асырады. Сұранысқа ие мамандықтар мен құзыреттіліктер анықталып білім беру бағдарламаларының мазмұны өзгертіледі. Еңбек нарығы әлемдік тенденциялардың әсерінен үнемі дамып отырады. Дүниежүзілік экономикалық форумның «Кәсіптердің болашағы» баяндамасында 2025 жылға қарай 85 млн жұмыс орны жоғалып, ал олардың орнына 97 млн жаңа жұмыс орны келеді деп болжануда. Технологиялық өзгерістер, өндірісті ұйымдастыру жүйесіндегі өзгерістер, демографиядағы өзгерістер Қазақстандағы және әлемдегі болашақ еңбек көрінісін анықтайды.



Еңбек нарығында ТЖКБ сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар



Педагогикалық салада болашақта сұранасқа ие болатын мамандықтар



II. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАЙЫМЫ

2.1 БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Бағдарлама колледждің жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау және қамтамасыз етуде алға қойған мақсаттық индикаторларын жүзеге асыруда маңызды құжат болып табылады. Стратегиялық даму бағдарламасы мынадай қағидаттық ережелерге негізделеді:



қазақстандық білім беру стратегиясы:

- білім беруді дамытушы колледж ретінде танылады,
- колледждің барлық студенттеріне сапалы білім алу үшін толық жағдай жасауды қамтамасыз етеді;
- білім берудің гуманистік сипаты, жеке тұлға болып қалыптасуы, еркін дамуы, өзара сыйластық, еңбекқорлық, азаматтық, патриотизм мен салауатты өмір салтын сақтауына басымдық береді;
- жан-жақтылық пен академиялық саясат негізінде колледждің даму динамикасын қамтамасыз етеді.



Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізде жасалған стратегиялық даму бағдарламасы колледжде толықтай іске асырылады.



Колледжде «Педагог» кәсіптік стандартына сай білім берудің жаңа сапалық парадигмасы, еңбек нарығына заманауи білікті әрі SKILLS кеңістігіндегі жаңа жас мамандар дайындап шығару жүзеге асырылады;

2.2 БАҒДАРЛАМАНЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ

Цифрлық инфрақұрылым технологияларының, заманауи материалдық-техникалық базаның және білікті педагогикалық құрамның негізінде бағдарлама тиімді іске асырылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында:



✓ Педагогикалық ұжымның ғылыми потенциалы жаңа деңгейге көтеріледі. PhD докторы даярланады, магистрлер құрамы 85-87% құрайтын болады;

✓ Колледж оқытушылары мен білім алушыларының үздік цифрлық платформаларды пайдалану әлеуеті өседі;

✓ Цифрландыру, ақпараттандыру жөніндегі жаңа авторлық бағдарламалар дайындалады;

✓ Шебер педагогтердің оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері, оқу құралдары шығарылады (5 оқулық, 20-25 оқу құралы);

✓ Оқу-тәрбие процесінің сапалық деңгейінің артуына және білім алушылардың салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасау мақсатында колледжде жаңа спорт залы қосымша іске қосылады;

✓ Академиялық дербестік, академиялық адалдық принциптері толығымен жаңа платформалық жүйеде іске асады;

✓ Үздік цифрлық платформалар арқылы колледждегі құжат айналымын толықтай цифрландыру мәселесі жолға қойылады;

✓ «Толық адам» тұжырымдамасын оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтар негізі қалыптасады.

2.3 БАҒДАРЛАМАНЫҢ КЕШЕНДІЛІГІ

Бағдарлама қолжетімді, қауіпсіз және әлеуметтік-мәдени дамуға бағытталған білім беру ұйымының қызметін айқындайтын тұжырымдамалық тәсілдер кешенін қалыптастырады.



Стратегиялық даму бағдарламасында жоспарланған алты процесс бойынша жұмыстар жүзеге асырылады.

Әр процесс бойынша SWOT жасалынып әлсіз жақтарын жою мәселелері қарастырылды.

Колледж оқытушылары мен студенттерінің оқу тәрбие процесінде жеткен жетістіктерінің сандық және пайыздық көрсеткіштеріне талдау жасалып, диаграммасы берілді.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатындағы барлық жаңа бастамалар мен инициативаларды ұтқыр іске асыра алатын біртұтас әрі іскер, заманауи басқару менеджментін меңгерген педагогикалық ұжымның парадигмасы жасалады.

III. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МИССИЯСЫ

3.1 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЫСАНАЛЫ ҚОНДЫРҒЫСЫ

Колледж миссиясы – кәсіби құзыретті, тұлғалық үйлесімі дамыған, қоғамның әлеуметтік, этикалық, мәдени, экологиялық аспектідегі мәселелерін қоя білетін және шеше алатын, жауапкершілігі мол қызметкер бола алатын, кез келген ортаға тез бейімделетін және бәсеке шарттары негізінде жұмыс істейтін азаматты тәрбиелеуді қалыптастыруға барынша мүмкіндік туғызу, кәсіби білімі әлемдік білім деңгейімен теңдестірілген, практикамен шыңдалған, нарыққа қажетті педагог-мамандар даярлау. Колледж «ашық жүйе» принципінің негізінде белсенді әрі өзара тиімді ынтымақтастықты, сонымен қатар, халықаралық білім беру ұйымдарымен, Қазақстан Республикасы, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен қарым-қатынасты жүзеге асыруды басшылыққа алу.

3.2 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БІРЕГЕЙЛІГІ

 Ұжымның өсу деңгейінің үнемі жоғары болуы – республикадағы арнайы тәуелсіз мекемелердің жоғары рейтингісі, республикалық оқу-әдістемелік бірлестік жұмысының жоғары деңгейі, колледж менеджерлерінің ТЖКББ жүйесіндегі зор беделі, дәрежесі биік білім мекемелерімен байланысы;

 «Талар» КЕАҚ-ның гуманитарлық-педагогикалық бағытта мамандар даярлайтын колледждер арасында өткізілетін рейтингі нәтижесінде колледждің жыл сайын лидерлік орынды сақтап қалуы;

 Студенттерге сапалы кәсіби білім беруде педагогикалық ұжымның, педагогикалық-психологиялық, шығармашылық инновациялық, ғылыми-әдістемелік потенциалының жоғары болуы;

 Барлық мамандықтар мен біліктіліктер бойынша студенттердің еркін әрі жоғары деңгейде білім мен өзінің рухани-интеллектуалдық, дене тәрбиесін жетілдіруге материалдық-техникалық базаның толық сәйкес келуі, оқу орнының білім платформасының цифрландырылуы;

■ Оқытушылар мен студенттердің қала, облыс, республика, халықаралық деңгейдегі түрлі сайыстарда, пәндік олимпиадалар мен кәсіби конкурстарда, ғылыми жобаларда жүлделі орындарға ие болуы;

■ Ақмола облысында педагогикалық мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын оқу орындары ішінде түлектердің жоғары сұранысқа ие болуы;

■ Педагогикалық ұжым мен персоналды жаңа жетістіктерге жеткізу жолдарын жасауда әкімшіліктің басқару менеджментінің кемелдігі;

■ Қолданбалы бакалавриат жүйесі және PhD докторантурасы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетімен, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетімен тығыз түсіністік ынтымақтастықта жұмыс істеуі;

■ Түркия, Қырғызстан, Башқұртстан, Ресей, Финляндия, Англия, Жапония елдерімен тығыз халықаралық қарым-қатынастың орнатылуы;

■ Жүйелілік менеджменті стандарттарына сай **«Талапкер – студент – табысты түлек»** принципінің оңтайлы іске асырылуы;

■ Колледж оқытушылары үшін ғылыммен айналысуға, шығармашылық лабораториялар, педагогикалық ізденіс жұмыстарына үнемі материалдық-моральдық қолдау көрсетілуі;

■ Оқытушылардың оқулық, оқу құралдары, оқу әдістемелік кешендер, авторлық бағдарламалар жазу, үздік тәжірибе таратуларына толық жағдай жасалуы;

■ Халықаралық аккредиттеуден өту бағытында шетелдік оқу орындарынан тағылымдамадан өтуге мүмкіндік жасау.

IV. БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЛОГЫ

4.1 ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҰЙЫМНЫҢ РӨЛІ



Білім алушыларға кәсіби біліктіліктер мен дағдыларды, іскерліктерді меңгертіп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беру, түрлі жүйелердің, тәрбие, білім, ғылым және өндірістің өзара байланысын нығайту.



Әлеуметтік серіктестікпен, жұмыс берушілермен келісе отырып, кәсіптік стандарттар немесе нарық талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеп, оны ҚР БҒМ бағдарламаларының тізіміне қосып, соның негізінде оқу процесін ұйымдастыру.



Республикалық, халықаралық деңгейде үздік тәжірибелерді тарату негізінде білім алушылардың, педагогтардың және білім беру ұйымының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін зерделеу.



Жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде сапалы білім берудің, тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау және қамтамасыз ету.

4.2 СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІН БОЛЖАУ



«Педагог» кәсіптік стандартына сай болашақ мамандардың педагогикалық практикадан өту жүйесінің жаңа мазмұнын жасау;

Студенттердің құзыреттіліктерін арттыру мақсатында Қазақстанның топ мектептерімен, шет елдермен серіктестік орнату. (Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің жанындағы колледжімен байланыс орнату. Музыкалық білім беру. Astana-Hub- IT стартап бөлімшесі, Telford college, БЖСМ – Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, № 1 арнайы мектеп-интернаты»)

Студенттердің, педагогтың кәсіби қабілеттерін меңгеруде заманауи инновациялық технологияларды меңгеру жолдарын жетілдіру.

Оқытушыларды ЖОО-на немесе көрші елдерге заманауи инновациялық технологияларды меңгеру даярлау курстарына жіберу. (Т.Жүргенов атындағы өнер академиясымен қарым-қатынас орнату. Музыкалық білім беру, Милан политехникалық институты, Ө. Жәнібеков атындағы Университеті-филология факультеті Ustaz-Hub, Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (Магистрлық, Докторлыққа бару))

Барлық әлеуметтік серіктестіктермен білім сапасы бағытында жаңа әдіс-тәсілдерді бірлесе іске асыру.

Әлеуметтік серіктестіктермен бірлесе Колледж базасында жалпы әдістемелік орталық құру.

Студенттердің алғашқы курстардан бастап ерте кәсіби машықтанудың жаңа бағыттарын анықтау.

Педагогика мен әдістеме пәндерін 1-курстан Жалпы білім беру пәндеріне енгізу.

Стратегияларды таңдау, тиімді әзірлеу үшін, алдымен өзінің даму кезеңдерінің анық тұжырымдамасын көру, байқау қажет. Бұл нысаналы кезеңнің негізі болып табылады.

Ұйымның дамуын болжау – басқару шешімдерінің тиімділігін арттыру мақсатында болашақ кезеңге ұйым қызметінің негізгі көрсеткіштерінің (сапалық және сандық) мәндерін ықтималды, көп сценарийлік бағалау қалыптастырылатын жоспарлау кезеңінің алдында немесе одан кейін болуы мүмкін басқару процесінің бөлігі.

Колледж келесі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырады:

№	Жүзеге асырылатын стратегиялар	Орындалу кезеңдері
1	Әлеуметтік серіктестіктермен, жұмыс берушілермен келісе отырып, кәсіптік стандарттар немесе нарық талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын, оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу, оқытушылардың авторлық бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдар жазу, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу үрдісін жетілдіру, санын арттыру	Жыл сайын
2	Колледж студенттерінің білім сапасын қамтамасыз ету және арттыру мақсатында КРІ бойынша теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін (ТКЖ) енгізуді және нәтижелілікті бағалауды жүзеге асыру	2026-2027 о.ж. бастап
3	«Табысты түлек» орталығының жүйелік қатынастар моделін құру және дамыту, әлеуметтік серіктестіктермен (қалалық мектептер, балабақшалар, жекеменшік оқу орталықтары, жайлы мектептер, нысаналы мектеп, шағын жинақталған мектептер) жұмыс жүйесін жетілдіру	Жыл сайын
4	Колледждің білім беру қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін заманауи және автоматтандырылған басқару және цифрландыру жүйелерін енгізу	2025-2026 о.ж. бастап
5	Жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативінің қаржылық құнын өсіру бағытында атқарушы органдардың қабылдаған өкімдері мен шешімдерін тиімді пайдалана отырып материалдық-техникалық базаны үнемі жетілдіріп отыру	Жыл сайын

6	Колледждің кәсіби педагогикалық ғылыми әлеуетін және сапалық құрамын арттыру: – магистрлер мен магистранттар – 85-100%; – PhD докторант – 10; – PhD докторы – 5; – педагог-шебер – 10% – педагог-зерттеуші – 35%; – педагог сарапшы – 40%; – педагог-модератор – 100%.	2024-2029 жылдар аралығында
7	Оқытушылардың білім жетілдіру курстарынан өтуін жүйелендіру, шетелдік тағылымдамалардан өткізу, шетелдік білім беру мекемелерінде тәжірибе алмасуына жағдайлар жасау, үздік тәжірибе тарату үрдісін арттыру	Жыл сайын
8	Кәсіби бағдар беруден бастап жұмысқа орналастыруға дейінгі жүйелі, болашақ мамандыққа бағдарланған жаңа моделін енгізу	2025-2026 о.ж. бастап
9	WorldSkills халықаралық стандарттарын ескере отырып құзыреттіліктерді жетілдіру мақсатында демонстрациялық емтихандардың формасы мен мазмұнын үнемі жетілдіріп отыру, WorldSkills республикалық чемпионаты жеңімпаздарының санын арттыру	Жыл сайын
10	Колледжде педагогикалық мамандықтарының ішінен жұмысшы біліктіліктері бойынша мамандар даярлауды іске асыру.	2026-2027 о.ж. бастап

4.3 АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Академиялық саясат білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық актілері негізінде, «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК-ның басым міндеттері мен стратегиясына сәйкес дайындалды.

Академиялық саясаттың миссиясы ең озық әдістемелер мен бағдарламалар негізінде ХХІ ғасырдың педагогтарын даярлайды. Біздің түлектер қазіргі заманғы мектеп оқушылардың қажеттіліктерін болжауға дайын мамандар. Біздің корпоративтік мәдениетіміз бен инфрақұрылымымыз студенттердің әлеуетін толық ашуға жадай жасайды.


Академиялық саясаттың мақсаты оқытудың модульдік-кредиттік технологиясына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі ұғымдарын, тәртібін, сондай-ақ колледжде білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарын айқындау.



Академиялық саясаттың негізгі аспектілері:



Академиялық саясаттың принциптері:



Академиялық ұтқырлықтың басты мақсаты – халықаралық стандарттарға сәйкес қазақстандық ТЖКБ білімнің сапасын қамтамасыз ету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Ұтқырлық бағдарламаларына қатысу студенттерге бірқатар перспективалық мүмкіндіктер мен артықшылықтар береді:



Білім сапасын қамтамасыз ететін Халықаралық Еуропалық желілердің мүшелері болып табылатын агенттіктерде Білім беру бағдарламаларын халықаралық акредиттеу.

Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:



4.4 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

1. Білім беру ұйымының инновациялық әлеуетін көтеру жұмыстарын жаңа деңгейге көшіру;
2. Барлық мамандықтар бойынша ғылыми-инновациялық жұмыстардың жобаларын іске асыру;
3. Колледждің ішкі және сыртқы байланыстарға арналған жобаларын орындау;

№	Мазмұны	Нәтижесі
1	«Педагог» кәсіптік стандартына сай оқу орнындағы барлық мамандықтар бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес қойылған талаптарға сай оқу-жұмыс жоспарлары мен білім бағдарламаларын жыл сайын әзірлеу, жетілдіру	Оқу-жұмыс жоспарлары мен білім бағдарламалары
2	Халықаралық байланысты ұлғайту мақсатында Орталық Азия, алыс және жақын шетелдің білім мекемелерімен байланыс орнату	Білім беру мекемелерімен меморандум
3	Қос дипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру	Білім беру мекемелерімен меморандум
4	Педагогикалық колледждермен академиялық ұтқырлық негізінде білім алушының белгілі бір академиялық кезеңге арналған білім беру бағдарламасын жасау	Білім беру мекемелерімен меморандум
5	Колледжде оқытылатын мамандықтарды халықаралық аккредиттеуден өткізу	Халықаралық аккредиттеуден өту
6	Колледж оқытушыларының «Талап» КЕАҚ-ның, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «Оқулық» орталығының оқулықтар, оқу құралдарын жазу, эксперименттер өткізу жұмыстарына қатынасу	Оқу құралдарының қорын анықтау, толықтыру
7	Облыстық, республикалық «Үздік педагог» конкурстарына қатыстыру мақсатында жеңімпаздарды даярлау	Конкурсқа қатысу
8	WorldSkills аймақтық, ұлттық чемпионаттарына студенттерді даярлау, жеңімпаздар жобасының жоспарын іске асыру.	Чемпионатқа қатысу
9	WorldSkills талаптарына сай құзыреттіліктерді айқындау бойынша демоемтихандардың мазмұндық сапасын жетілдіріп отыру	Демоемтихандар өткізу
10	Студенттерге білім алуда комфортты жағдай жасау (ақылды аудиториялардың ресурстарын толықтыру)	Аудиторьялардың мазмұнын толықтыру

11	Оқу-тәрбие процесі жүйесін цифландыру	Цифрлық қосымшалар жасау
12	Барлық әлеуметтік серіктестіктермен өзара байланыстың жаңа платформасын жасау	Жаңа платформасын жасау
13	Студенттерге бағытталған жұмыс түрлерін арттыру (жобалар, арнайы курстар, конкурстар, олимпиадалар, секциялар)	Студенттермен жұмысты дамыту
14	Студенттердің психологиялық-заңнамалық сауаттылықтарын арттыру (клуб, мобильды қосымша)	Мобильды қосымша жасау
15	Оқытушылар құрамында PhD доктор, магистрлік ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесін көбейту.	PhD докторант, магистрантарға білім алуға қолдау көрсету
16	Оқытушылар құрамында педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-модератор және озық оқытушылар қатарын арттыру	Оқытушылар құрамының санатын көтеруді жоспарлау
17	Колледждің қаржы-экономикалық механизмдеріне жаңа алгоритмдер енгізу	Мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру

4.5 ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕМЕЛЕРДІ КОММЕРЦИЯЛАУ

МАҚСАТЫ: Колледж педагогтерінің, студенттердің әлеуметтік-техникалық нормаларын дамытуда Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ бұйрығына сәйкес ғалымдардың ғылыми, ғылыми және техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру және іздеу, ғылыми «It – startup» жобаларды құру, азаматтар *мүддесіне* қызмет ететін мобильді қосымшаларды әзірлеу.

МІНДЕТТЕР: ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама – болжанатын ғылыми-техникалық жұмыстың мазмұнын қамтитын, жоспарланған жұмыстарды жүргізудің мақсаттары мен міндеттері, олардың өзектілігі, жаңалығы, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен орындылығы негізделген ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтерді зерттеу.



V. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ

5.1. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ

☑ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы 3, 7 тараулары мен 3, 5, 6, 7 бағыттарын іске асыру;

☑ «Педагог» кәсіптік стандартына толыққанды көшу миссиясын орындау (2024-2026 жж.);

☑ Колледждегі «Білім сапасын қадағалаудан қамтамасыз ету» тұжырымдамасын іске асыру;

☑ Колледжде академиялық ұтқырлық, академиялық дербестік, академиялық адалдық принциптерін толықтай орындау.

☑ Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиенің заманауи жаңа жобаларын насихаттау;

☑ Эмоционалдық интеллектіні дамыту бағытында студенттердің еркін әрі қолжетімді қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

☑ Жастардың қоғамдық жаңа саяси-әлеуметтік бағытындағы көзқарасын

☑ қалыптастыру, ашық демократиялық, қарым-қатынас векторын жасаудың жаңа жобаларын іске асыру;

☑ «Оқытушы – студент – ата-ана» триадасы бағытында корпоративтік мәдениеттің

☑ жаңа ізгілік үлгісін көрсетуді қалыптастыру және коммуникативтік әдептің қоғамдық жүйесін жасауды жүзеге асыру;

☑ Жастар арасында мемлекетшілдік сана мен жоғары рухани ұлтжандылық категорияларын терең қалыптастырудың соңғы платформаларын жасау;

☑ Студенттер арасында тұлғатану тұжырымдамасын енгізу мақсатында тың әрі жаңа

☑ нәтижелі жобалардың парадигмаларын іске асыру.

☑ Болашақ мамандардың педагогикалық практикадан өту жүйесін «Педагог» кәсіптік стандартына сай мазмұнын ұйымдастыру;

☑ Студенттердің, педагогтің кәсіби қабілеттерін дамытуда заманауи инновациялық технологияларды игеріп, практикада қолдану.

☑ Элеуметтік серіктестіктермен жұмыс атқару барысында теория мен практиканы ұштастыру.

☑ Колледж оқытушыларының ғылыми-әлеуетін көтеру жұмыстарын жаңа деңгейге көшіру;

☑ Колледж оқытушыларының оқу-әдістемелік кешенін цифрландыру мақсатында кешендер банкісін жасақтау.

☑ Колледж оқытушыларының, PhD докторлары мен магистрлердің авторлық бағдарлам, оқулық, оқу құралдарын жазу мәселелерін іске асыру, озат тәжібе жұмыстарын республика көлемінде тарату;

☑ Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының деңгейін көтеру;

☑ Оқытушылар мен студенттердің халықаралық, республикалық ғылыми конференциясына қатысу деңгейін көтеру.

☑ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған оқу-әдістемелік бірлестігі жұмысының жаңа бағытын іске асыру;

☑ «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Логопедия» мамандықтарының «Педагог» кәсіби атауларына сай оқу-жұмыс жоспарлары мен білім бағдарламаларын әзірлеуде колледждерге консультативтік әдістемелік көмек көрсету және экспертизадан өткізу;

☑ Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» заңын, нормативтік-құқықтық заңнамалар мен актілерді талқылауларға және әзірлеуге үнемі қатысу, ұсынымдар даярлау;

☑ 01130100 «Логопедия» мамандығын республикадағы педагогикалық, гуманитарлық колледждерде ашу бағытында консультативтік-әдістемелік семинарлар ұйымдастыру, іс-тәжірибемен алмасу;

☑ Республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктер арасындағы рейтингтен өту бағытындағы көшбасшылықты сақтау миссиясын орындау.

№	Мазмұны	Индикаторлар/ Соңғы нәтиже	Орындалу мерзімі	Қаржылан- дыру көздері
«ПЕДАГОГ» КӘСІПТІК СТАНДАРТЫНА, ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫНА САЙ БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ				
1	Колледждің стратегиялық даму бағдарламасына қажетті барлық нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс атқару	Үнемі	2024-2029 жж.	Қажеттілік жоқ
2	«Педагог» кәсіптік стандартына сай барлық мамандықтар бойынша оқу-жұмыс жоспарларының жаңартылған электронды банкісін жасау	Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2027 жж.	«Талар» КЕАҚ қаржысы
3	Колледждің оқу процесін цифрландыруды модернизациялау	Қамқоршылық кеңес	2025-2029 жж.	Облыстық бюджет.
4	«Білім сапасын қамтамасыз ету» тұжырымдамасын толықтай іске асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Қажетті жағдайға орай
5	Колледждегі әрбір оқытушының оқу-әдістемелік кешенінің ІТ тулбоксын жасақтау	Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2026 жж.	Сұранысқа сай қаржы бөлу
6	Студенттердің білімін бағалау жүйесінің сапасын толықтай жақсарту мақсатында академиялық адалдық жүйесін іске асыру	Педагогикалық кеңес. Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2027 жж.	Қажет етпейді
7	Бітіруші топтардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында WorldSkills	Педагогикалық кеңес.	үнемі	Облыстық бюджет

	талаптарына сай демоемтихандардың мазмұндық сапасын жетілдіру	Ғылыми-әдістемелік кеңес		
8	Академиялық ұтқырлық негізінде отандық, шетелдік оқу орындарымен байланыс орнатып, студенттердің кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасау	Педагогикалық кеңес. Ғылыми-әдістемелік кеңес	үнемі	Республикалық бюджет
9	Педагогикалық білім беруді модернизациялауға байланысты білім сапасын өзгертуге арналған барлық мәселелерді іске асыру.	Белгіленген мерзімге сай	2024-2029 ж.ж.	Республикалық, облыстық бюджет
10	Оқу процесін цифрландыруда ақылды аудиторияларды іске қосу	Педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңеске есеп беру	Жыл сайын 4-5 дәрісханаларды іске қосу	Облыстық бюджет, арнайы есепшот
11	Оқу процесі жүйесін сандық технологияларға біртіндеп көшіру: - ноутбуктер - планшеттер - интерактивті қондырғылар; - жаңа компьютер кластары	Қамқоршылық кеңес, ББ есеп беру	2024-2029 жж.	Облыстық бюджет, арнайы бағдарлама қаржысы
12	Колледждер мен ЖОО-ның профильдеу мақсатына орай жаңа біліктілік талаптарына сай болуды іске асыру	Педагогикалық кеңестерде есеп беру	2024-2029 жж.	Қажеттілігіне сай қаржы бөлу
13	Еуропалық білім беру жүйесіндегі	Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2029 жж.	Қажет етпейді

	сынақтарды есепке алу жүйесі (ECVET) бойынша дайындалатын жаңа реестр мен ұлттық жүйені жасау жұмыстарына қатысу			
14	Қолданбалы бакалавриат бойынша VUCA принципіне сай жұмсақ және кәсіби дағдыларға (Soft Skills, Hard Skills) негізделген оқу бағдарламаларын жасауға араласу	Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2029 жж.	Қажет болған жағдайға орай
15	«Педагог» кәсіптік стандартына сай жаңа білім бағдарламаларын жасап шығару, экспертиза жасау, реестрге беру	Педагогикалық кеңес	2024-2025 жж.	«Талар» КЕАҚ қаржысы
16	Халықаралық аккредиттеу барысында отандық және шетелдік оқу орындарынан тағылымдамадан өту	Белгіленген мерзімге сай	2024-2029 ж.ж.	Республикалық, облыстық бюджет
17	Колледж оқытушыларын тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік білім беру ұйымдарынан біліктілікті арттыру курстарынан өткізу	Белгіленген мерзімге сай	2024-2029 ж.ж.	Облыстық бюджет
18	Дарынды студенттерді білім деңгейлеріне сай халықаралық, республикалық әртүрлі пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар, түрлі конкурстарға қатыстыру	Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2029 жж.	Қажет болған жағдайға орай

19	Отандық, шетелдік оқу орындарының студенттерін колледждің оқу процесіне тарту мақсатында тәжірибе алмасу	Белгіленген мерзімге сай	2024-2029 ж.ж.	Республикалық, облыстық бюджет
20	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сай біліктіліктер бойынша білім беру бағдарламаларын өзектендіру	Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2029 жж.	Қажет емес
№	Мазмұны	Индикаторлар/Соңғы нәтиже	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері
ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ОТАНСҮЙГІШТІК, РУХАНИ-ӨНЕГЕЛІЛІК, САЯСИ- ӘЛЕУМЕТТІК, ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ				
1	Колледжде эмоционалдық интеллектіні дамытудың арнайы іс-шаралар жоспарын бекіту	Педагогикалық кеңес	2024-2025 жж. (үнемі)	Облыстық бюджет, арнайы есепшот
2	Құндылықтарға бағдарланған білім беруді енгізу жөніндегі әдістемелік	Педагогикалық кеңес	2024 ж.	Қажет етпейді

	ұсынымдарды негізге алу			
3	Білім алушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі әдістемесін ұсынымдар негізінде іс-шаралар жоспарын жасау және іске асыру	Педагогикалық кеңес	2024 ж.	Облыстық бюджет
5	Жобалық тәсіл арқылы білім алушылардың мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сай колледждегі жобаларды жетілдіру	Педагогикалық кеңес, кураторлар кеңесі	2024 ж.	Арнайы есепшот
6	«Оқытушы-студент-ата-ана» триадасы негізінде жаңа ынтымақтастық нысаны туралы ереже жасау және Ата-аналар академиясын құру, жұмыс жоспарын бекіту	Қамқоршылық кеңес	2024 жыл. 2024-2029 жж.	Арнайы есепшот
7	Студенттік өзін-өзі басқару бағытын-дағы органдардың өзара іс-қимыл тетігін әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі жаңа ережеге сай барлық бірлестіктердің жұмыс жоспарларын жаңарту	Педагогикалық кеңес	2024-2025 жж.	Қажет етпейді
8	«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында колледждегі барлық клубтар мен өнер және спорт бағытындағы	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Облыстық бюджет, арнайы есепшот

	үйірмелердің жұмысын жаңа сапаға көтерудің мазмұнын жасау			
9	Жастар арасындағы саяси-идеологиялық сауаттылықты арттыру, жаңа қоғамдық көзқарасты қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Арнайы есепшот
10	Колледжде академиялық адалдық принципіне сай педагогикалық ұжым, персонал және студенттер арасындағы корпоративтік мәдениет, ұлттық дәстүрге орай кішіпейілділік, ізгілік категорияларын одан әрі жетілдіру жұмыстарын жүргізу	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Қажет етпейді
11	Студенттер арасында деструктивті діни ағымдар, зияратты қоғамға жат әдет-ғұрыптардан сақ болу мақсатында арнайы іс-шаралар жоспарлау	Кураторлар кеңесі, педагогикалық консилиум	Үнемі	Қажет етпейді
12	Студенттер үйіндегі тәрбие жұмысының сапалық мазмұнына үнемі өзгерістер енгізу	Жалпы жиналыстар	Үнемі	Арнайы есепшот
13	Колледждегі «Жан сыры» релаксация психологиялық орталықтарының, психо-логиялық қызметтің жаңа	Педагогикалық кеңес	2024-2025 жж.	Облыстық бюджет

	бағытын жасау, жұмыс мазмұнын өзектендіру			
14	Толық адам бойындағы «Ыстық қайрат», «Нұрлы ақыл», «Жылы жүрек» қасиетін білім алушы бойына қалыптастыруда рухани-патриоттық, мәдени-интеллектуалдық, әдеби бағыттағы үйірме және элективті клубтардың мазмұнында қажетті іс-шараларды жоспарлау	Педагогикалық кеңес	2024-2026 оқу жылы	Сұранысқа сай қаражат бөлу
15	«Топ 100 студент» жобасы бойынша барлық мамандықтар арасында арнайы жобабағдарлама жасап, іске асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2025 жж.	Сұранысқа сай қаражат бөлу
16	«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы негізінде «Айбын» ӘПК, «Томирис» рухани патриоттық қыздар клубының жұмысын одан әрі дамыту	Қамқоршылық кеңес, педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	12 млн. теңге облыстық бюджет, арнайы есепшот
17	Студенттердің үйірмелер, клубтар, спорт секцияларына қатысу санын дамыту	Педагогикалық кеңес	2024 – 60% 2025 – 68% 2026 – 70% 2027 – 75% 2028 – 80% 2029 – 85%	Жыл сайынғы тарификацияда қаражатты анықтау
18	«Театр және балалар» ағартушы-лық жобасына сай қаладағы театрлармен өзара байланысты нығайту	Педагогикалық кеңес	Үнемі	Арнайы есепшот
19	«Қамқор» жобасына сай «Ашық жүрек» еріктілер клубының	Педагогикалық кеңес	2024 жыл	Сұранысқа сай қаражат бөлу

	жұмысын жаңа мазмұнда жоспарлау			
20	Жастар комитеті негізінде «Студенттер парламенті» клубын ашу, тұжырымда-масы мен бағдарламасын бекіту	Қамқоршылық кеңес	2024-2026 оқу жылы	Сұранысқа сай қаражат бөлу
21	Тәрбие блогы жоспарына киберқауіп-сіздік, кибермәдениет және кибер-гигиена бағытындағы жұмысты енгізу	Педагогикалық кеңес	2024-2025 оқу жылы.	Сұранысқа сай қаржы бөлу
22	Колледжде салауаттылықты насихаттауда спортты дамытудың жаңа параметрлерін анықтау	Қамқоршылық кеңес	2024-2025 жж.	Облыстық бюджет, арнайы есепшот
23	Ата-аналармен байланысты нығайтуда «Колледждің бір күндік өмірі» атты жобаны іске асыру	Қамқоршылық кеңес, жастар комитеті, студенттер парламенті	2024-2025 жж.	Қажет емес
24	Колледжде туризмді дамытудың тұғырнамасын жасау. «Жұмбақтас» туризм клубының брендін іске асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2026 жж.	Облыстық бюджет, арнайы есепшот
25	Жастар комитеті жұмысының жаңа парадигмасын жасау және оны іске асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2026 жж.	3 млн теңге
26	«Аналар кеңесі», «Әкелер кеңесі» клубтары жұмыстарын жетілдіру	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Сұранысқа сай қаржы бөлу
27	Абайдың «Ыстық қайрат», «Жылы жүрек», «Нұрлы ақыл» тұжырымына негізделген «Толық	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Сұранысқа сай қаржы бөлу

	адам» жаңа тұжырымдамасын дайындау, жүзеге асыру			
28	«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Шабыт», «Еңбегі адал жас өрен», «Ұшқыр ой алаңы», «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобалары негізінде іс-шаралар кешенін жүзеге асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2029 оқу жылы.	Сұранысқа сай қаржы бөлу
№	Мазмұны	Индикаторлар/Соңғы нәтиже	Орындалу мерзімі	Қаржылан-дыру көздері
КӘСІПТІК ПРАКТИКА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТЕРМЕН ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖҰМЫС				
1	Студенттердің педагогикалық практикадан өту түрлерінің мазмұнын «Педагог» кәсіптік стандартына сай жетілдіріп, жаңа формаларды енгізу	Педагогикалық кеңес, ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2025 жж.	Облыстық бюджет
2	Халықаралық аккредитеуден өту барысында отандық шетелдік оқу орындарының кәсіптік практика базасымен танысу, тағылымдамадан өту	Белгіленген мерзімге сай	2024-2029 ж.ж.	Республика-лық, облыстық бюджет
3	Болашақ педагог маманның кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында WorldSkills аймақтық, ұлттық чемпионаттарына студенттерді даярлау, «Жеңіске жету» жобасын іске асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж. (әр жыл сайын)	Облыстық бюджет

4	Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында колледжде «Мамандықтар навигаторы» мобильді қосымшасын жүзеге асыру	Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2027 жж.	Қажеттілікке сай қаражат бөлуі
5	Әлеуметтік серіктестіктермен өзара байланысты нығайту мақсатында автоматтандырылған платформа жасақтап, жүзеге асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2028 жж. (үнемі)	Облыстық бюджет
6	«Цифрлық мұғалім» жобасы бойынша ІТ мектептермен бірлескен жобалар құру	Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2029 жж.	Республикалық, облыстық бюджет
7	«Табысты түлек» орталығының жаңа платформасын мазмұнын жаңарту, жүзеге асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Қажет етпейді
8	Педагогикалық практиканың барлық түрлері бойынша әдіскерлердің жұмысын жаңа мазмұнға көшіруді іске асыру	Ғылыми-әдістемелік кеңес	2024-2025 жж.	Облыстық бюджет
9	Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру мақсатында мамандықтар бойынша жаңа кейстер жасау	Педагогикалық кеңес	2024-2026 жж.	Облыстық бюджет, арнайы есепшот
10	«Мамандықтар әлемі» конкурстарын өткізу	—	2024-2029 жж.	Арнайы есепшот
11	Жазғы денсаулықты жақсарту лагерьлері, мектеп жанындағы лагерьлерде практика өтудің бағдарламаларын өзектендіру	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Қажет етпейді

12	«Балдаурен» республикалық сауықтыру орталығымен жұмысты жандандыру (түлектерді жұмысқа орналастыру)	Педагогикалық кеңес	2024-2028 жж. (үнемі)	Сұранысқа сай қаражатын анықтау
13	Ынтымақтастық меморандум аясында мектеп мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілерін колледжде ұйымдастырылатын оқу практикаларына шақыру тәжірибе алмасу жүйесін іске асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Қажет етпейді
14	Ақмола облысы бойынша «Жайлы метеп», «Нысаналы мектеп» жобасымен ашылған мектептермен байланыс орнатып студенттердің кәсіби жетілуін жүзеге асыру	Педагогикалық кеңес	2024-2029 жж.	Қажет етпейді
15	Республикалық «IQANAT HIGH SCHOOL OF BURABAY» мектебімен ынтымақтастық қарым-қатынаста тәжірибе алмасу	Белгіленген мерзімге сай	2024-2029 ж.ж.	Қажет етпейді
№	Мазмұны	Индикаторлар/ Соңғы нәтиже	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИЛЕНДІРУ ЖҰМЫСЫ				
